

пәні	орыс сыныптырындығы қазақ тілі		5- сыныбы	пән мұғалімі:		
Тақырыбы	Қазақстанның елордасы - Астана					
Мақсаты	Астана қаласы туралы қазақ тілінде тәуелдік жалғауларды пайдалана отырып баяндау, жаңа сөздер арқылы сөздік қорды молайту, шылаудың емлесін меңгеру.					
Күтілетін нәтиже	Астана қаласы туралы қазақ тілінде тәуелдік жалғауларды пайдалана отырып баяндай алады, жаңа сөздерді меңгереді, шылау сөздермен танысады, емлесін меңгереді.					
сабақтың формасы	топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс, сергіту сәті «Қаражорға» биі					
сабақтың әдісі	диалогтық, Венн диаграммасы, жаттығу, Сократ (әңгімелеу), сөздік, ДЖИГСО т.б					
Ойлау деңгейі (Блум б-ша)	мақсаты	Түрткі(тапсырма, сұрақ, ресурс)	нәтиже	бағалау	мұғалімнің іс-әрекеті	оқушының іс-әрекеті
Білу	Сабақтың тақырыбын анықтау.	Үй тапсырмасын тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу арқылы жаңа сабаққа өту, «Көк тудың жұлбірегені» әнінің бейнеклипін көру арқылы сабақтың тақырыбын анықтау.	Үй тапсырмасына байланысты қойылған сұрақтарға жауап береді, бейнеклипті көру арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды..	Формативті бағалау. «әрине»-бағытың дұрыс деген. «бәрекелді»- жауабың жақсы, әлі де болса дәл емес дегенді білдіреді «өте жақсы»- жауабың дәл, өз ойыңды жеткіздің.	оқушылармен амандасып, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру	сабаққа дайындалады. Кезекші сабақта жоқ оқушыларды айтады.
Түсіну	Сабақтың лексикалық тақырыбын ашу.	Мәтінмен жұмыс. (68-бет) Жеке оқимыз, топта талқылаймыз. Сөздікпен жұмыс. (мәтінді бір оқып болған соң жаңа сөздермен танысады) Әр топтан сөздіктегі жаңа сөздерді пайдалана отырып мазмұнын	Мәтінді түсініп оқиды, мазмұнын баяндайды. Сөздерді қатесіз айтып, жазады, аудармасын біледі.	Критериалды бағалау. - мәтіннің мазмұнын қазақша толық жеткізе алса-3 ұпай - мәтіннің мазмұнын толық қазақша жеткізе алмаса- 2 ұпай - мәтіннің	Бағалау парағын үлестіру, критерилерімен таныстыру. Мәтіннің мазмұнын меңгерту. жаңа сөздердің дұрыс оқытылуын,	Мәтінмен жұмыстанады сөздікпен жұмыстанады

		айтады. Диалог құрастырады. 3-тапсырма (69- бет) Постер қорғау. Постерге Астана туралы түсінгендерін түсіру.		мазмұнын толық түсінбей, ойы шашыраңқы болса- 1 ұпай	айтылуын меңгерту.	
Қолдану	Шылау сөздермен танысу, емлесін меңгеру.	Интерактивті тақтадағы ереже, кесте Карточкамен жұмыстанады. Дәптермен жұмыс. (көп нүктенің орнына тиісті шылауды қойып жаз, аудар.	Ережесін түсінеді, емлесімен кесте бойынша танысады, түсінеді, меңгереді. Активстудио арқылы жаттығу жұмысын интерактивті тақтаға, дәптерге орындайды. Карточкамен жұмыстанады	Критериалды бағалау. - егер қатесіз орындаса – 3 - егер бір қатесі болса – 2 - егер 2-3 қатесі болса – 1	тапсырмалардың шартын, бағалау критерилерін түсіндіру	жаттығуды жазбаша орындайды.
Талдау	Астана қаласы туралы алған білімдерін талдау.	Венн диаграммасын толтыру. -Балалар, қай елдің болмасын кемінде әлемге белгілі екі қаласы болады. Қазақстанның Астанадан кем түспейтін белгілі қаласын атаңыздаршы? -Әрине, Алматы.	Венн диаграммасын толтырады. Астана- жаңа, жас қала,Қазақстанның қазіргі астанасы, Президент, Ақорда, Ханшатыры, Бәйтерек, солтүстікте орналасқан, қысы суық, жазы салқын, егін өседі, Орал қаласына жақын. Алматы- Қазақстанның бұрынғы астанасы, оңтүстікте орналасқан, ескі қала, тау бар, қысы жылы, жазы ыстық, алма өседі, Орал қаласына алыс. Ұқсастықтары. екеуі де қала, Қазақстанда		.Бағалау критерилерін түсіндіріп, пысықтап отыру керек.	белсенділік танытады, сұрақтарға тез жауап береді.

			орналасқан, халқы көп, үлкен және әдемі қала, екеуіне де пойызбен де, ұшақпен де баруға болады, белгілі қалалар.			
Жинақтау	Сабақтың лексика-грамматикалық тақырыбын бекіту.	Сабақты бекітуге арналған сұрақтарға жауап беру.	Сабақтан алған білімін жинақтайды.	- Жауаптары тез әрі дұрыс болса әр жауапқа 1 ұпайдан.	Үй тапсырмасы: сөздік, мәтіннің мазмұнын айту, ереже жаттау.	сұрақтарға жауап береді, үй тапсырмасын жазып алады.
Бағалау	Сабақ туралы, өз нәтижесін қорытындылау.	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі арқылы сабақтан алған білімдерінің деңгейін анықтайды.	Өзіндік ойын айта алады.	формативтік бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек»	Өзің ұнаған жауапты айтып, бағала.	Өз ойын айтады
Рефлексия.						